

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша
департаменті" мемлекеттік мекемесі"
Актіні тіркеу нөмірі
№ 2415480003000012/00018 13.03.2024 г.
Тіркеген ЖҰМАБЕК ӘДІЛБЕК
РАХМАНБЕРДІҰЛЫ

**Бақылау мен қадағалау және субъектісіне (объектісі) бару
арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акті**

13.03.2024 ж.

№ 18

1. Мемлекеттік органның атауы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті Мұғалжар ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

2. Профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізуге уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және лауазымы
РЯТОВ МАКСАТ АБИЛТАЕВИЧ - Бастық
СЕГИЗБАЕВА ЖУЛДЫЗ КАЛМАГАНБЕТКЫЗЫ - Аға инженер
МҰХТАР АСЛАН БЕРІКҰЛЫ - Бас маман
ИКЛАСОВ ДАУЛЕТ САТЖАНОВИЧ - Инженер

3. Профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәлімет
қосылған жоқ

4. Тексерілетін субъектінің, объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі
970940001596, "Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі» КММ, АҚТӨБЕ, МҰҒАЛЖАР, Ақкемер, Есет Батыр Көкіұлы (КӨШЕСІ), 35

5. Тағайындалған профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанасы

О техническом регламенте Евразийского экономического союза "О требованиях к средствам обеспечения пожарной безопасности и пожаротушения" Решение Совета Евразийской экономической комиссии от 23 июня 2017 года № 41

Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 ақпанда № 26867 болып тіркелді.

12-бабының 21-тармақшасы. Уәкілетті орган өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Азаматтық қорғау туралы (Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ.)

Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын

талаптарды бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 маусымда № 9510 тіркелді.)

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 тамызда № 24045 болып тіркелді "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 тамызда № 24045 болып тіркелді.

6. Профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің мерзімі, мерзімі 13.03.2024 - 05.04.2024

7. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде нормативтік құқықтық актілері, бақылауға жататын міндетті талаптары Өрт қауіпсіздік саласындағы профилактикалық бақылаумен қадағалаудың 2024 жылдың 1-жартыжылдығына арналған тексеру жүргізу кестесі (ҚР ТЖ Министрінің 09.12.2023 ж. №670 бұйрығы) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Заңы ҚРЗ 144-2 бабы;

8. Тексерілетін кезең 29.04.2023 - 05.04.2024


9. Актіге қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы
РЯТОВ МАКСАТ АБИЛТАЕВИЧ

10. QR-код

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық шифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 1-бабына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.



***штрих-код "ТСОБТ" ТБЖ алынған және электрондық-шифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды



Тексерудің негізділігін «Қапқор» ұялы қосымшасын жүктеу арқылы тексеру аласыз (немесе qamqor.gov.kz сілтемесі бойынша).

155-бап. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру кезіндегі бақылау мен қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің құқықтары мен міндеттері

1. Бақылау мен қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру кезінде:

1) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу үшін объектіге келген бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарын мынадай:

бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) Кәсіпкерлік Кодекстің 141-б.на сәйкес бекітілген ҚР нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүргізу жиілігі сақталмаған;

бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде (бар болған кезде мерзімді ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген, Кәсіпкерлік Кодексте белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

Кәсіпкерлік Кодекстің 144-б. 5-т. 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органы сол бір кезең ішінде сол бір мәселе бойынша өзіне бұрын бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізілген бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындаған;

егер бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы алдыңғы профилактикалық бақылауда өрескел бұзушылықтар анықталмаған болса, Кәсіпкерлік Кодекстің 144-б. 5-т. 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындалған;

Кәсіпкерлік Кодекстің 141, 143-баптарында және 146-б.ның 1-тармағында көзделген ақпарат пен құжаттар болмаған;

жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызда немесе хабарда, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жүгінімдерде көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен шығатын кезең үшін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексерулер тағайындалған;

бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тапсырылған;

бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы бір актіде бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізілетін бірнеше бақылау мен қадағалау субъектісі көрсетілген;

бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін Кәсіпкерлік Кодексте белгіленген мерзімнен асыра ұзартқан;

Кәсіпкерлік Кодекстің 156-б. 2-т. сәйкес Кәсіпкерлік Кодекстің талаптары өрескел бұзылған жағдайларда бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге жібермеуге;

2) егер құжаттар мен мәліметтер бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасына, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса, оларды ұсынбауға;

3) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіге, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нәтижелері туралы актіге, бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға, сондай-ақ бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Кәсіпкерлік Кодексте және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау және қадағалау органдарының немесе лауазымды адамдардың бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін, заңда негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

5) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ лауазымды адамның бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру шеңберінде жасайтын жекелеген әрекеттерін лауазымды адамның қызметіне кедергі келтірмей, аудио- және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге;

6) өзінің мүдделері мен құқықтарын білдіру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында үшінші тұлғаларды бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге қатысу үшін тартуға құқылы.

2. Бақылау және қадағалау органдары бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізген кезде, бақылау мен қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері:

1) Кәсіпкерлік Кодекстің 146-б. 1-т. талаптары сақталған кезде бақылау және қадағалау органдары лауазымды адамдарының бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) коммерциялық, салықтық не заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актіге және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттардың (мәліметтердің) көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысапасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік беруге;

3) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

4) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру аяқталған күні бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

5) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

6) егер Кәсіпкерлік Кодексте не КР өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

7) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу үшін объектіге келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

8) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізудің басталғаны туралы хабарлама алған жағдайда, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің белгіленген мерзімдерінде бақылау және қадағалау объектісі тұрған жерде болуға міндетті.

13.03.2024 ж. № 18 актімен таныстым, «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің», 155 бабында көзделген құқықтар мен міндеттер түсіндірілді.

(тексерілетін субъектінің Т.А.Ә.)

«__» _____ 20__ г.

(тексерілетін субъектінің қолы)